**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ**

**МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000 Астана қаласы, Сол жағалау,
Министрліктер үйі, 5-кіреберіс
тел: +7(7172) 74-32-44
E-mail:info@mz.gov.kz

010000 город Астана, Левый берег,
Дом министерств, 5 подъезд
тел: +7(7172) 74-32-44
E-mail:info@mz.gov.kz

12.06.12ж № 07-2104-3324

____________ ____________ге

**Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармалары, ЖОО, ҒЗИ, ҒО**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен «Санофи» компаниясы бекіткен медицина саласындағы (хирургия, диабетология және онкология номинациялары бойынша) арнайы грантты беруге конкурс өткізетіні туралы хабарлайды.

Гранттар 2010-2012 жылдары іске асыру мерзімінде еліміздің денсаулық сақтау ісіне елеулі үлес қосуына мүмкіндік беретін,

нақты ғылыми нәтижелері бар жаңа инновациялық жобаларды енгізгені үшін немесе ғылыми зерттеулерді әзірлегені үшін беріледі.

Осы конкурсқа мүдделі мамандардың қатысуын қамтамасыз етуді сұраймыз. Грант беруге арналған конкурс туралы ереже қоса беріліп отыр.

Қосымша: 4 парақ.

***Жауапты хатшы*** **С. Мусинов**

*Орын.З.Б. Сұлтанова*
*Тел. 743204*

**«Бекітемін»**
**Қазақстан Республикасының**
**Денсаулық сақтау министрлігінің**
**Жауапты хатшысы**
**С.Р. Мусинов**
____________

## Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен медицина саласында «Санофи» компаниясымен құрылған арнайы грантты беруге конкурс туралы ереже

### I. Жалпы ереже

1. Медицина саласында арнайы гранттарды беру бағдарламасы біздің елде білім және ғылымға арналған перспективті кадрлар дайындау, ғылыми мектептерді дамытуда сабақтастықты қамтамасыз ету, қазіргі ғылымның өзекті бағыты, денсаулық саласында ең маңызды активті зерттеу және инновациялық технологияларды енгізуге бағытталған.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы медициналық ғылым және білім беру ұйымдарында, практикалық денсаулық сақтау жүйесінде жұмыс істейтін медицина ғалымдарын ақшалай ынталандаруды (гранттар түрінде) көздейді.

3. Бағдарлама «Санофи» ЖШС қаржыландырылады.

4. Гранттар үш номинация бойынша конкурс негізінде беріледі:

1) хирургия;

2) диабетология;

3) онкология.

5. Гранттар Қазақсатан Республикасында (2010-2012 жылдар) жүргіздірілген немесе жүргізілетін ғылыми зерттеулер немесе жобаларға, сонымен қатар Қазақсатан Республикасының практикалық денсаулық сақтау жүйесіне маңызды үлестерді қосуға мүмкіндік беретін, нақты ғылыми нәтижелерден тұратын жұмыстарға беріледі.

6. Жұмыс өз авторы немесе авторлық ұжыммен конкурсқа ұсынылады.

Конкурсқа 2010-2012 жылдар аралығында жарияланған жұмыстар қатысады.

7. Әрбір номинацияда үш гранттық орындар анықталады. Бірінші орынға 3000 АҚШ долларын алады, екінші орынға - 2000 АҚШ доллары, үшінші орынға - 1000 АҚШ доллары.

## 2. Конкурсты өткізу тәртібі

10. Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш еркін формада (немесе конкурсқа ұсыну туралы), грантты ізденушісімен қол қойылғаны (немесе кім жұмысты жүргізеді), көрсетілген номинациялар бойынша жұмыс ұсынылады;

2) конкурсқа ұсынылатын жұмыстың қысқаша мазмұндамасы, өзектілігі, ғылыми жаңалығы, мақсат, міндеттері, материалдар және зерттеу әдістері, қорытынды (екі парақ, 12-ші шрифт, дара интервал, қағаз және электронды түрде);

3) ұсынылатын жұмыс (монографиялар, мақалалар, авторефераттар, әдістемелік нұсқаулықтар, авторлық куәліктер, патенттер, оқулықтар, оқу құралы және с.с.).

Жұмысқа ғылыми мақалалар, патенттің көшірмесі, ғылыми жұмыстың нәтижелерін енгізу туралы актілерді ұсынуға болады;

4) конкурсқа қатысу сауалнамасы. Авторлық ұжымдары үшін сауалнама қатысатын әрбір қатысушыға толтырылады. Қатысушы туралы мәлімет ұйымның кадр бөлімінде көрсетілген сауалнамада қай жерде жұмыс жасайтыны тіркеледі.

Конкурсқа қатысатын құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде ұсынылады.

11. Жеңімпаздарды анықтау үшін мынадай құрамдағы конкурстың комиссиясы құрылған:

| | | |
|---|---|---|
| Байжүнісов Ерік Әбенұлы | - | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, м.ғ.д., профессор, төраға; |
| Телеуов Мұрат Қойшыбайұлы | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаментінің директоры, м.ғ.д., профессор, төрағаның орынбасары; |
| комиссия мүшелері: | | |
| Ақшолақов Серік Қуандықұлы | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бас штаттан тыс нейрохирургі, м.ғ.д., профессор; |
| Айнабекова Баян Әлкенқызы | - | «Астана медицина университеті» АҚ интернатура және резидентура бойынша ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.д., профессор; |
| Алшынбаев Мырзакәрім Кәрімұлы | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас урологі (андролог), м.ғ.д., профессор; |
| Байгенжин Абай Қабатайұлы | - | «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ директоры, м.ғ.д., профессор; |

| | | |
|---|---|---|
| Рамазанов Манас Ембергенұлы | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас жалпы хирургі, м.ғ.д.; |
| Пя Юрий Владимирович | - | «Ұлттық кардиохирургия орталығы» АҚ бас директоры |
| Төлеғалиева Ажар Гиниятқызы | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің директоры; |
| Нұрғазиев Қуаныш Шадыбайұлы | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс жалпы онкологі, м.ғ.д., профессор; |
| Омарова Индира Милатқызы | - | Қарағанды қаласының онкодиспансерінің химиотерапия бөлімінің меңгерушісі, м.ғ.д., профессор; |
| Рамазанова Райгүл Мұхамбетқызы | | «Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институты» РМК онкология кафедрасының профессоры, м.ғ.д.; |
| Базарбекова Римма Базарбекқызы | - | «Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институты» РМК эндокринология кафедрасының меңгерушісі; |
| Тохтарова Найла Нұрланқызы | - | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас эндокринологі, м.ғ.к.; |
| Жұбандықова Лейла Әминқызы | - | ҚР Диабет қауымдастығының президенті, м.ғ.к. |

12. Арнайы грантты беру комитеті:

1) жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес конкурсқа қатысуға жіберілгендердің жұмысының тізімін бекітеді;

2) ұсынылған жұмысқа жұмыс орыны және аты-жөні көрсетілмеген код береді;

3) конкурстық комиссия мүшелерінің ішінен сарапшыларды анықтайды және конкурс жұмыстарын қарау үшін сыртқы сарапшыларды қатыстырады;

4) мәжілісте сарапшылардың ұсынысы мен шешімін зерттейді және талқылайды;

5) жасырын дауыс беру арқылы грантты беру туралы шешім қабылдайды.

Қазылар алқасының барлық жұмысы қатал құпия шарттарында жүргізіледі.

13. Ортақ шарттармен әрбір номинациялармен бақылау жеңімпазын таңдау кезінде жұмыстың өзектілігі және ғылыми жаңалығы, әртүрлі практикалық іске асыру мүмкіндігі, медициналық қызмет көрсетудің ішкі

және сыртқы нарықта жұмыстың бәсекеге қабілеттілігі, медициналық және экономикалық тиімділігі қарастырылады.

14. Әрбір номинациялар бойынша 1-ші, 2-ші,3-і орын алған жұмыстардың авторлары сертификат және грантты ақшалай сыйақы түрінде алады.

15. Жұмыстар 2012 жылғы 15 маусым мен 31 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мынадай мекенжай бойынша: 010000, Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер Үйі, 5 кіреберіс, 1016 каб. қабылданады.

Пошта бойынша жобаны ұсыну күні пошталық штемпел бойынша бекітіледі (жіберу күні).

Қосымша ақпаратты мынадай телефон/факс бойынша (7272)743204, e-mail: z.syltanova@mz.gov.kz. **701 268 71 98** алуға болады.

16. Ұсынылған жұмыстар, осы талаптар мен жарияланған беру уақытын бұзса, конкурсқа қатысудан шығып қалуы мүмкін.

17. Жұмысты бағалау және жеңімпаздарды анықтау 2012 жылдың қазан айында жүргізіледі.

Конкурстың нәтижелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің веб-сайтында және 2012 жылғы 16 қарашада бұқаралық ақпарат құралдары мен медициналық қоғамның қатысуымен ашық мәжілісте жарияланатын болады.

## Медицина саласында арнайы грантты беруге жұмыстардың конкурсқа қатысушылардың сауалнамасы

**1. Конкурсқа қатысушылар туралы мәлімет:**

Түсініктеме: 1-ші тарау кадрлар бөлімінің қызметкерімен куәландырылады

| | | |
|---|---|---|
| а. | тегі, аты және әкесінің аты (толық ) | |
| б. | туған күні | |
| в. | ғылыми дәрежесі | |
| г. | ғылыми атағы | |
| д. | жұмыс орны | |
| е. | лауазымы | |

Ұсынылған мәліметтер дұрыс ______________________________

(қызметкердің лауазымы және қолы, аяқтаған мәліметті )

**2.Ұсынылған жұмыс туралы мәлімет:**

| | | |
|---|---|---|
| а. | аты | |
| б. | ұсынылған жұмыстың түрі (монография, әдістемелік нұсқаулық макала топтамасы, жұмыс айналымы, кітаптар және т.б.) | |
| в. | шығатын мәліметтер | |

**3. Қатысу туралы қосымша мәліметтер:**

| | | |
|---|---|---|
| а. | мекенжай | |
| б. | қызмет телефоны | |
| в. | үй телефоны | |
| г. | мобильді телефон | |
| д. | электронды пошта | |

**4. Бақылауға қатысатын ғылыми жетекші туралы:**

| | | |
|---|---|---|
| а. | тегі, аты және әкесінің аты (толық ) | |
| б. | Атағы, ғылыми дәрежесі | |
| в. | Лауазымы және жұмыс орыны | |

**5. Жұмысты жүргізетін ұжымдағы қатысушылар туралы мәлімет:**

Түсініктеме: егер жұмыс бір авторға қарағанда көп ұсынылған жағдайда 5-ші тарау толтырылады.

| | | |
|---|---|---|
| а. | Ұжымдағы қатысушылардың тегі және аты | |

**Бақылауға қатысушының жеке қолы ______________________ Күні: ______________**